

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ  
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ  
ТЕМІРТАУ ҚАЛАСЫ БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ  
" №2 ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕБІ"  
КОММУНАЛДЫҚ  
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ  
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ  
"ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ ШКОЛА №2"  
ОТДЕЛА ОБРАЗОВАНИЯ ГОРОДА ТЕМІРТАУ  
УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ  
КАРАГАНДИНСКОЙ ОБЛАСТИ

## БҰЙРЫҚ

## ПРИКАЗ

2024 жыл 29 тамыз №176

Теміртау қаласы

город Теміртау

### Оқушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру туралы

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы №320 «Әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтарға әлеуметтік көмектің мөлшерін, көздерін, түрлерін және оны беру қағидаларын бекіту туралы» Қаулысына, Қарағанды облыстық мәслихатының 2023 жылғы 14 желтоқсанындағы X сессиясының «2024-2026 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» №199 шешіміне, Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 598 «Орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру туралы, сондай-ақ мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етумен байланысты тауарларды сатып алу қағидаларын бекіту туралы» №598 бұйрығына, Қазақстан республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы №ҚР ДСМ – 76 «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы бұйрығына және 2023 жылғы 3 тамыздағы №1 жұмыс тобының хаттамасына сәйкес, «Қарағанды облысы білім басқармасы» мемлекеттік мекемесінің 2024 жылғы 26 тамыздағы №391 бұйрығы негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2024 жылғы 02 қыркүйегінен бастап жергілікті бюджет қаражат есебінен тамақтанатын 1-4 сынып білім алушыларын және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 қаулысымен көзделген бюджет қаражаты шеңберінде тамақтанатын 5-11 сынып білім алушыларын ыстық тамақпен қамтамасыз ету жөніндегі жұмыс ұйымдастырылсын.
2. Сынып жетекшілер кесте бойынша 1-4 сынып оқушыларын ақысыз тамақтануға апарсын, оқушыларға асханаға бару тәртібін мәлімдесін.
3. Күнделікті тамақтандыру есебі мониторингі жүргізілсін. Ата – аналарға ақысыз тамақтандыру туралы мәлімдесін.
4. Күніне 1 сыныптар (123 оқушы), 2 сыныптар (116 оқушы), 3 сыныптар (136 оқушы), 4 сыныптар (137 оқушы) 520 теңге, аз қамтылған, қамқорлығынан айырылған құжаттары жасақталынған оқушылар 520 теңге есебінде ыстық тамақпен қамтамасыз етілсін.

5. «№2 ЖББМ» КММ әлеуметтік қорғалмаған оқушылары қор тобына қажет етілмеген тамаққа енгізілсін.
6. Келесі айдың 2 күніне дейін табель журналымен бірге өткізілсін.
7. Кәсіпкерлер тамақ әзірлеуге қажетті барлық ыдыс аяқтармен қамтасыз етсін.
8. Дәрігер қызметкері Э.Р.Мамараймова жадынамаға сәйкес талаптарды қатаң түрде орындап, құжаттар жүргізісін.
9. Туған күн және басқа да кештерді өткізуге қатаң тыйым салынсын.
10. Әкімшілік, директор жанындағы кеңесте ыстық тамақты ұйымдастыру туралы мәселені қарасын.
11. Асхананың тазалық жағдайына жауапты: Э.Р.Мамараймова – дәрігер, М.О. Баумбекова – директордың шаруашылық жөніндегі орынбасары, Ф.Ж. Уразбаева – аспазшы.
12. Асхананы кестеге сай қварцтау мен желдетуге жауапты - шаруашылық меңгерушісі М.О. Баумбекова.
13. Оқушылардың ішетін суына жауапты - М.О. Баумбекова – директордың шаруашылық жөніндегі орынбасары
14. Тамақтандыруды бақылау және ұйымдастыру, тіркеу құжаттарын жүргізу директордың бейіндік оқыту жөніндегі орынбасары А.К.Бозаеваға жүктелсін.
15. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

«№2 ЖББМ» КММ директоры

Б.Резин

Бұйрықпен таныстым:

А.К.Бозаева

Ф.Ж.Уразбаева

М.О.Баумбекова

Э.Р.Мамараймова

